

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**  
**Педагогика және психология кафедрасы**  
**Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша академиялық комитет мәжілісінің**  
**№ 9 хаттамасынан көшірме**

Түркістан қаласы

«28» 05.2024ж.

**Қатысқандар:** АҚ төрағасы: п.ғ.к., доцент м.а. А.Қ.Рысбекова, АҚ мүшесі, академиялық персонал С. Алимбекова, АҚ мүшесі, академиялық персонал П.Қ.Искакова, АҚ мүшесі, академиялық персонал п.ғ.к., доцент Ж.Н.Садуова, АҚ мүшесі, академиялық персонал PhD аға оқытушы Ж.Бураева, АҚ мүшесі, академиялық персонал аға оқытушы С.У.Паштанов, АҚ мүшесі, академиялық персонал магистр оқытушы Д.С.Жаркынбаева, Т.Б.Меңдибаева - М.Өбенова атындағы жалпы білім беретін КММ директоры- АҚ жұмыс беруші өкілі, А.Т.Кенжалиев - Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжінің директоры АҚ жұмыс беруші өкілі, Ж.Ж.Азретбергенова Ж.Ташенов атындағы "№23 IT мектеп-лицей" КММ директоры, АҚ жұмыс беруші өкілі, А.Мұхтар -білімгерлер өкілі

**Қатыспағандар:** - жоқ

**Күн тәртібі:**

1. ББ SWOT-талдау жүргізу
2. Мамыр айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

**АҚ төрағасы А.Рысбекова:** Саламатсыздар ма, құрметті педагогика және психология даярлау бағыты бойынша академиялық комитет мәжілісінің мүшелері, наурыз айындағы мәжілістің күн тәртібіндегі қарастырылатын мәселелерге келетін болсақ: бірінші мәселе, ББ SWOT-талдау жүргізу, мамыр айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау. Бүгінгі мәжілісте осы аталған екі мәселе бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырып, өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

«Орта білім беруді жаңғырту» жобасын іске асыру шеңберінде жетекші университеті ретінде БІ. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында әзірленіп, ЕПВО ЖББП да тіркелген 6B01101-Педагогика және психология (IP) білім беру бағдарламасы негізінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы 6B01101 Психология (IP) білім беру бағдарламасын әзірленіп, ББ реестріне тіркелуге ұсынылды.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Оқу әдістемелік комитетінің мәжілісінде (хаттама №7 19.03.2024) 6B01101 - Психология (IP) білім беру бағдарламасына келесі өзгерістер енгізу туралы шешім қабылданды:

1. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Қазақстан мен Түркия арасындағы үкіметаралық келісім негізінде құрылып, түркі тілдес мемлекеттер арасында халықаралық мәртебеге ие болған, түркі әлемі жастарының басын біріктірген бірінші білім және ғылым ордасы. Осыған орай университеттегі барлық білім бағдарламаларына ортақ міндетті болып табылатын, 16 кредитті құрайтын ЖОО компоненті ББ мазмұнына қосылды:

- Түрік (Қазақ) тілі – (Деңгей 1-А1, В2) - 5 кр;
- Түрік (Қазақ) тілі – (Деңгей 2-А2, С1) - 5кр;
- Ататүрік принциптері / Түркі мемлекеттер тарихы - 3кр;
- Ясауитану - 3 кр.

Жалпы білім беретін пәндер (ЖБП) цикліндегі таңдау компонентіне (ТК) енгізілген өзгерістер:

Жетекші универде: ЖБП ЖК да тұрған пән Пәнаралық білім беру модулі (Экономика, бизнес және кәсіпкерлік негіздері, Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, Экология және өмір қауіпсіздігі)

МКТУ-да: ЖБП ТК-ға - Экономика, бизнес және кәсіпкерлік негіздері, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, Экология және өмір қауіпсіздігі.

2.Нәтижесінде білім беру бағдарламасы мазмұнының жалпы көлемі 254 кредитті құрады.

3.Бұл пәндік өзгерістер жоба аясына дайындалған ББ негізінде жасалды.

4.Пәндік компонент циклындағы бірнеше пәндердің атауларын және оқыту нәтижелерін сақтай отырып, еңбек сыйымдылығы көлемдеріне өзгерістер енгізілді:

- Әлеуметтік психология пәні 5 кредиттен 6 кредитке
- Өзара әрекеттестік психологиясы пәні 5 кредиттен 6 кредитке
- Әлеуметтік педагогика пәні 5 кредиттен 6 кредитке
- Жеке тұлға теориясы пәні 5 кредиттен 4 кредитке
- Баланың жеке тұлғасының дамуы пәні 5 кредиттен 4 кредитке
- Жеке тұлғалық әлеуметтік психология пәні 5 кредиттен 4 кредитке
- Психоәлеуметтік даму тәуекелін бағалау пәні 5 кредиттен 4 кредитке
- Баланың әл-ауқатын бағалау пәні 5 кредиттен 4 кредитке
- Дамуын бағалау пәні 5 кредиттен 4 кредитке
- Әлеуметтік, мінез-құлық және эмоционалды бағалау пәні 5 кредиттен 4 кредитке
- Баланың танымдық әрекетін бақылау пәні 5 кредиттен 6 кредитке
- Психологияның заманауи мониторингі пәні 5 кредиттен 6 кредитке
- Психологияның сараптамалық қызметі пәні 5 кредиттен 6 кредитке
- Бала құқықтарын қорғаудың халықаралық стандарттары пәні 5 кредиттен 3 кредитке
- Білім беру мекемелерінде нормативтік-құқықтық құжаттаманы жүзеге асыру технологиясы пәні 5 кредиттен 3 кредитке
- Медиа және киберпсихология пәні 5 кредиттен 3 кредитке
- Білім беру саласындағы конфликтология пәні 5 кредиттен 7 кредитке
- Дауларды шешу стратегиялары пәні 5 кредиттен 7 кредитке
- Күйзелісті басқару пәні 5 кредиттен 7 кредитке
- Кәсіби бағдар беру технологиялары пәні 5 кредиттен 7 кредитке
- Оқытуды бейіндеу пәні 5 кредиттен 7 кредитке
- Кәсіп өмір жолын таңдау ретінде пәні 5 кредиттен 7 кредитке
- Психологиядағы зерттеу әдістері пәні 5 кредиттен 6 кредитке
- Психологиялық зерттеулер пәні 5 кредиттен 4 кредитке ауыстырылды.

**АК мүшесі, академиялық персонал п.ғ.к., аға оқытушы С. Алимбекова:** Бүгінгі күн тәртібіндегі кафедраға қарасты Педагогика және психология (6B01101 психология (IP) білім беру бағдарламасына SWOT талдау жасасак алдымен ББ күшті жақтарын анықтау үшін бірнеше сұрақтарға жауап іздесек, атап айтсақ -біз нені жақсы істейміз, біздің білім беру бағдарламамыздың басқа бәсекелестерден ерекшелігі қандай, қандай мүмкіндіктер немесе санаттар бәсекелестерді басып озды осы сұрақтарға тоқталып өтсек. Біздің күшті жақтарымыз.

1. Білім беру, нормативтік-әдістемелік базаны үнемі жетілдіру
2. Еңбек нарығында БББ түлектерінің қажеттілігі
3. Жұмыс берушілермен тығыз ынтымақтастық
- 4.Бакалавр, магистратура, докторантура деңгейінде мамандар даярлаудың үздіксіз жүйесін? жүзеге асыру
- 5.Әр түрлі оқыту формалар мен оқыту әдістері, технологиялары қолданылуы
6. Түлектерді жұмысқа орналастырудың жоғары пайызы;
- 7.Білім алушылар мен қызметкерлердің мәдени және зияткерлік дамуы, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жасалған жағдайлар;
- 8.Дуальды оқыту жүйесінің болуы.

8.ББ бойынша бөлінетін мемлекеттік гранттар санын ұлғайту Педагогика және психология БББ қазіргі таңда сұранысқа ие екенін көрсетеді.

**АК мүшесі, академиялық персонал п.ғ.к., доцент Ж.Н.Садуова:** Педагогика және психология ББ әлсіз жақтары бар. Нені жақсартуымыз керек осы мәселелерге келешекте көңіл бөлуіміз керек.

1. Іс-тәжірибе базасында теориялық оқу аудиторияларының жетіспеушілігі
2. Білім беру үдерісінде шетелдік оқытушыны тартудың аз болуы
3. Шетелдік университеттерде білім алған ОПК болмауы
4. ОПК шетелдік жоғары оқу орындарына академиялық ұтқырлыққа тарту жеткіліксіз.
5. Шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықтың төмен деңгейі;
6. Тұрақты кадрлардың қартаю тенденциясы, орташа жасы-48 жас;
7. Шет тілдерін меңгерудің төмен деңгейі;
8. Біліктілік тест бойынша төмен балл.
9. Білім беру үдерісінде шетелдік оқытушыны тартудың аз болуы бұл біздің ББ бағдарламаларымыздың әлсіз тұстарын көрсетеді.

Білім беру бағдарламаларды жақсартуға қандай мүмкіндіктер бар.

1. Жұмыс берушілерді білім беру бағдарламаларын дамытуға белсенді қатыстыру
2. БББ студенттерінің бәсекеге қабілеттігін арттыру, академиялық ұтқырлықты күшейту.
3. Тәжірибелік сабақтарды өткізу үшін өндірістен мамандарды оқу процесіне тарту
4. Стратегиялық серіктестермен ынтымақтастықты жандандыру
5. Жұмыс берушілердің тапсырыстары бойынша мамандар даярлау
6. Түрік жоғары оқу орындарында мақсатты оқыту есебінен магистрлер мен докторлардың академиялық дәрежелері бар оқытушылар санын арттыру;

7. Жастар саясатын іске асырумен жобаларды енгізу мүмкіндігі;

**АК мүшесі, академиялық персонал аға оқытушы С.У.Паштанов:** Білім беру бағдарламаларды жақсартуда туындайтын қауіптерді де бар. Олар:

1. Білім және ғылым министрлігінің жоғары оқу орындарына, ЖОО-ға түсушілерге және ЖОО-ның түлектеріне талаптарын қатаңдату
2. Талкерлердің базалық дайындығының төмендігі
3. Жұмысқа орнатасу бойынша заңды тұлғалардың заңнамалық жауапкершілігінің болмауы
4. Төлем ақыны төлей алмау, төлем ақының мөлшері.
5. Мемлекеттік тапсырысқа тәуелділік. БББ дамыту жоспарын қалыптастыру және үнемі қайта қарау және оны іске асыруын мониторингілеп отыруымыз қажет.

**АК төрағасы: п.ғ.к., доцент м.а. А.Қ.Рысбекова:** Мамыр айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау. Мамыр айында жоспарланған шаралар қанағаттанарлық деңгейді жүзеге асырылды. АК мүшелері бір ауыздан қолдады.

#### Шешім:

1. Білім беру бағдарламасына SWOT-талдау мәлімет үшін назарға алынсын.
2. Мамыр айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын.

АК төрайымы:



А.Рысбекова

Хатшысы:



С.Паштанов

